

## **Қаражал қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2017 жылғы 6 қазандағы XVII сессиясының № 162 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 қазанда № 4409 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес Қаражал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қаражал қалалық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 23 қыркүйектегі XXXIV сессиясының № 263 "Қаражал қалалық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2806 болып тіркелген, 2014 жылғы 8 қарашада № 46 "Қазыналы өңір" газетінде, 2014 жылғы 17 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі;

2) Қаражал қалалық мәслихатының 2015 жылғы 19 маусымдағы XXXX сессиясының № 342 "Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 23 қыркүйектегі XXXIV сессиясының № 263 "Қаражал қалалық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3348 болып тіркелген, 2015 жылғы 7 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 8 тамызда № 32 (758) "Қазыналы өңір" газетінде жарияланған) шешімі.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*XVII сессияның төрағасы,  
қалалық мәслихат хатшысы*

*З. Оспанова*